

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СӨТ КЕҢЕСІ
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы

«8D042– Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша
«8D04202 – Сот және сот төрелігі»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Деңгейі: Докторантура (бейіндік бойынша бағыт)

Дәрежесі: «8D04202 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша
құқық докторы

Астана, 2025

**«8D042 – Құқық» дайындық бағыты бойынша «8D04202 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы
төмендегілердің негізінде әзірленді:**

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
3. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;
5. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
6. Ұлттық біліктілік шеңбері (әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген);
7. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы «8D042 – Құқық» дайындық бағытындағы докторантураның (бейіндік бойынша) үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2025 жылғы 13 қаңтардағы №10-9/3 өкімі.

Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының паспорты	Беттер
1.	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2.	Білім беру саласының, дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	4
3.	Білім беру бағдарламалары тобы	4
4.	Кредиттер көлемі	4
5.	Оқыту нысаны	4
6.	Оқыту тілі	4
7.	Берілетін дәреже	4
8.	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9.	ББХСЖ бойынша деңгейі	4
10.	ҰБШ бойынша деңгейі	4
11.	БСПШ бойынша деңгейі	4
12.	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	4
13.	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14.	Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15.	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16.	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлек лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызметінің түрлері	4
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	4
17.	Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелері	5
18.	Оқу нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	6
19.	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	7
20.	Оқытудың жоспарланған нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру	9
21.	Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері	15
22.	Түлек моделі	16
		17

1. Білім беру бағдарламасы: «8D04202 – Сот және сот төрелігі» (бейіндік бағыт бойынша докторантура)
2. Білім беру саласы: «8D04-Бизнес, басқару және құқық». Кадрларды даярлау бағыты: «8D042-Құқық».
3. Білім беру бағдарламалары тобы: 8D042 – Құқық
4. Кредиттер көлемі: 180 академиялық кредит.
5. Оқыту нысаны: күндізгі.
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс.
7. Берілетін дәреже: «8D04202 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша құқық докторы
8. Білім беру бағдарламасының түрі: жаңа
9. ББХСЖ бойынша деңгейі: 8.
10. ҰБШ бойынша деңгейі: 8.
11. БСШ бойынша деңгейі: 8.
12. Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері: жоқ.
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:
14. Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі: ерікті
15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: кәсіби сот қызметі саласында әдіснамалық және зерттеу даярлығы бар білім беру бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті, білікті кадрларды даярлау.
16. Түлектің біліктілік сипаттамасы:
 - а) *Түлек лауазымдарының тізімі:* судья, сот жүйесінің қызметкері, қауымдастырылған профессор, профессор, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер.
 - б) *Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:*
«8D04202 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша түлектің *кәсіби қызмет саласы:* құқық саласындағы ғылыми-зерттеу және оқытушылық қызмет; сот төрелігін жүзеге асыру, жергілікті соттар мен Жоғарғы Сотта, Сот әкімшілігінде, Жоғары Сот Кеңесінде және басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелерде ұйымдастыру-басқару қызметі болып табылады.
8D04202 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің *кәсіби қызметінің объектілері:*
 - жоғары оқу орындары;
 - ҒЗИ, орталықтар мен зертханалар;
 - сот, құқық қорғау органдары;
 - мемлекеттік билік пен басқарудың атқарушы және өкілді органдары.
 - в) *Түлектің кәсіби қызметінің түрлері:*
 - заңды: судья, прокурор, адвокат, заң кеңесшісі, нотариус, сот орындаушысы және т. б.;

- ұйымдастыру-басқару: жергілікті соттарда, Жоғарғы Соттың, Сот әкімшілігінің, Жоғарғы Сот Кеңесінің және басқа да мемлекеттік органдардың бөлімдері мен департаменттерінде әртүрлі қызметтердің басшысы ретінде жұмыс істеу;
 - білім беру-педагогикалық: Сот төрелігі академиясында және мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордың басқа да жоғары оқу орындарында заң пәндерінің оқытушысы ретінде жұмыс істеу;
 - ғылыми-зерттеу: жоғары оқу орындарында, ҒЗИ және ғылыми орталықтарда маман және ғылыми қызметкер ретінде жұмыс.
- 2) *Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:*
- құқық қолдану практикасын, оның ішінде сот практикасын талдау және жалпылау;
 - ұлттық заңнама саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізу;
 - ғылыми және аналитикалық зерттеулерді, бағдарламаларды жоспарлау және ұйымдастыру;
 - соттарда және өзге де мемлекеттік органдар мен мекемелерде талдау жұмысы мен әкімшілік ұжымға басшылық жасау;
 - заң пәндерін оқыту.

17. Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелері

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі
1. Жеке құзыреттер: (Softskills)	ОН 1	Зерттеу материалдарын, ғылыми мақалаларды талдайды және талдамалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, мақалаларды, сот актілерінің жобаларын жасайды, сот-құқықтық мәселелер бойынша шолулар жүргізеді.
	ОН 2	Құқықтық болмысты тануда ғылыми зерттеудің жеке және арнайы әдістерін, эксперименттік деректерді өңдеу және т.б. әдістерін қолдана отырып, өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізеді.
	ОН 3	Сот билігінің мәнін, әлеуметтік рөлін, функциялары мен өкілеттіктерін, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орнын, сондай-ақ тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін қолданудың практикалық мәселелерін білетінін көрсетеді.
	ОН 4	Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негіздері саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық білімдерін көрсетеді.
2. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 5	Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметінде шет елдердің құқықтық саласын дамытудың ғылыми теориялары мен жаңа тұжырымдамаларын бағалайды, салыстырады және қолданады.
	ОН 6	Сыни талдау, бағалау және ғылыми теорияларды сот практикасымен салыстыру негізінде құқық қолдану мәселелерін шешудің ең тиімді және оңтайлы тәсілдерін жүйелейді және тандайды.
	ОН 7	Баламалы мүмкіндіктер мен тәуекелдерді ескере отырып, салалық заңнама нормаларының практикалық қолданылуын талдау негізінде құқықтық болжауды жүзеге асырады және құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін әзірлейді.
	ОН 8	Білікті сараптамалық-құқықтық қорытындыларды бағалайды және жасайды, құқықтың тиісті салаларында заңдар мен заңға тәуелді актілердің, халықаралық келісімдердің жобаларына сараптама жүргізеді.
	ОН 9	Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мақсатында құқық салалары бойынша құқық қолдану практикасы мен заң ғылымы жетістіктерінің маңыздылығын сыни тұрғыдан талдайды.
	ОН 10	Салалық заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар жасау мақсатында отандық және шетелдік нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізеді.
	ОН 11	Құқық пен заң ұқсастығының көмегімен оларды еңсеру тәсілдерін пайдалану негізінде қайшылықтары мен ақаулықтары бар салалық заңнама нормаларын қолданады.

	ОН 12	Кәсіби және ғылыми қызметпен байланысты міндеттерді шешуде алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын іске асырады.
	ОН 13	Ғылыми ұстанымдарды сыни тұрғыдан түйсінеді, заңнаманы қолдану теориясы мен практикасы мәселелері бойынша өз ұстанымын ұсынады және дәлелді түрде қорғайды.

18. Оқу нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндердің атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1, ОН 2, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 12, ОН 13	Құқықтанудағы ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері	Академиялық хат	5
ОН 1, ОН 2, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13		Ғылыми зерттеу әдістері	5
ОН 1, ОН 2, ОН 5, ОН 6, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13		Құқық философиясы	3
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Сот билігі	Қазақстан Республикасы сот билігінің конституциялық негіздері	3
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Қазақстан Республикасында сот билігінің қызметі	Қазақстан Республикасындағы соттардың (судьялардың) қызметін құқықтық реттеу және ұйымдастыру негіздері	3
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану практикасы	Азаматтық заңнама нормаларын қолданудың құқықтық аспектілері	5
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13		Соттардың практикасындағы азаматтық процестік заңнама	4
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4,		Қылмыстық құқық теориясы және соттардың	5

ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 12, ОН 13		қызметінде қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану практикасы	
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 12, ОН 13		Сот төрелегін қамтамасыз етудің қылмыстық-процестік тетіктері	4
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13		Құқық қолдану практикасындағы әкімшілік-рәсімдік және әкімшілік-процестік заңнама	3
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 12, ОН 13		Әкімшілік-деликтік заңнаманы қолданудың практикасы мен үрдістері	3
ОН 1, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Кәсіптік практикасы	Кәсіптік практика	10
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (ДЭЗЖ)	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы	115
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	12

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
1. Теориялық компоненті																
1. 1 Базалық пәндер (БП) циклі																
1) Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)																
1	Академиялық хат	Курс докторанттардың құжаттармен, зерттеу материалдарымен, ғылыми мақалалармен жұмыс істеу қабілетін, хат жазу дағдыларын, аналитикалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, мақалаларды, сондай-ақ қазіргі ақпараттық кеңістікте ақпаратты іздеу және мәтіндерді талдамалық өңдеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. . Түйінді сөздерді бөліп көрсете білу, аннотациялар, рефераттар, шолулар түрінде мәтіндердің мазмұнын беру құралдарын анықтау.	5	+	+			+	+	+	+	+	+		+	+
2	Ғылыми зерттеу әдістері	Курстың мақсаты докторанттардың өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіру болып табылады. Курс ғылыми танымның әдіснамалық принциптерін, ғылыми зерттеудің жеке және арнайы әдістерін, эксперименттік деректерді өңдеу әдістерін, ғылыми жұмыстың ерекшеліктері мен ғылыми еңбек этикасын, құқықтанудағы зерттеудің жүйелік-құрылымдық әдісін, құқықтанудағы зерттеудің аксиологиялық әдісін, құқықтық герменевтика әдісін және құқықтанудағы зерттеудің салыстырмалы-құқықтық әдісін және т. б. қарастырады.	5	+	+			+	+	+	+	+	+	+	+	+

3	Құқық философиясы	Құқық философиясы жоғары философиялық, әдіснамалық және ғылыми-зерттеу мәдениеті бар болашақ судья мен сот жүйесінің қызметкерлерін даярлауға бағытталған. Курс докторантқа құқықтық құбылыстарды түсінуге, түлендіруге және ұғындыруға, құқықтың мағынасын, мәні мен құндылығын, оның терең негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Курс докторантқа объективті философиялық және құқықтық позициялардан құқықтық болмысты бағалау дағдыларын дамыту үшін қажет. Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді объективті бағалауға және талдауға ықпал етеді.	3	+	+			+	+				+	+	+	+
4	Қазақстан Республикасы сот билігінің конституциялық негіздері	Курс сот билігінің түсінігі, мәні, белгілері, рөлі мен функцияларына қатысты конституциялық-құқықтық мәселелерді зерттеуді қамтиды. Осы курста зерделеудің орталық пәні Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатын және өз мақсаты ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ тежемелік және тепе-теңдік жүйесін қолданудың практикалық мәселелерін қамтиын мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі сот билігінің орны болып табылады. Жалпы, сот мемлекеттік органның, сот сатысының призмасы арқылы және сот жүйесінің құрылымдық буыны ретінде зерттеледі. Сот төрелігі ұғымына, оның принциптері мен міндеттеріне ерекше назар аударылады.	3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
1.2. Бейіндеуші пәндер циклі (БП)																
1) Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)																

5	Қазақстан Республикасындағы соттардың (судьялардың) қызметін құқықтық реттеу және ұйымдастыру негіздері	Курс Қазақстан Республикасында сот билігінің қызметіне байланысты мәселелер кешенін қарауға бағытталған. Оның зерттеу пәнімен сот төрелігінің принциптері, сондай-ақ судьялар корпусын құрудың теориялық және құқықтық аспектілері, соның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар және судьялар корпусына кіруге шектеулер қамтылады. Курс сот жүйесін ұйымдастыру негіздеріне, судьялардың құқықтық жағдайына, олардың кәсіби қызметін бағалауға, тәртіптік жауапкершілігіне, отставкаға кетуге, материалдық және әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты теориялық мәселелердің кешенін көрсетеді.	3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
6	Азаматтық заңнама нормаларын қолданудың құқықтық аспектілері	Бұл курс догматикалық, теориялық және практикалық білімнің синтезі болып табылады және азаматтық-құқықтық саланың заманауи сын-қатерлерімен жұмыс істей алатын заңгерлерді даярлауға бағытталған. Курс бағдарламасы заңнамалық өзгерістердің динамикасы мен сот тәсілдерінің эволюциясын ескере отырып, азаматтық-құқықтық реттеудің іргелі және қолданбалы мәселелерін зерттеуді қамтиды. Негізгі назар қазіргі азаматтық құқық теориясының дамуын анықтайтын нормативтік ережелерге, сондай-ақ оларды қолданыстағы құқықтық жүйе жағдайында практикалық іске асыру тетіктеріне аударылады.	5	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

7	Соттардың практикасындағы азаматтық процестік заңнама	Курс нормативтік реттеу динамикасын, сот тәсілдерінің эволюциясын және процестік ғылымның қазіргі тенденцияларын талдауды қоса алғанда, цивилистикалық юрисдикция саласындағы процестік-құқықтық доктрина мен құқық қолдану мәселелерінің өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған. Курс азаматтық-құқықтық дауларды шешу жөніндегі юрисдикциялық қызметке, азаматтық процестік нысанындағы құқықтық институттар жүйесіне және қазіргі заманғы процесс парадигмасының негізгі категорияларына делдал болатын іс жүргізу нормаларының жиынтығын қамтиды. Процестік тиімділік, сот ісін жүргізуді оңтайландыру, материалдық және процестік принциптерді үйлестіру мәселелеріне ерекше назар аударылады.	4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
8	Қылмыстық құқық теориясы және соттардың қызметінде қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану практикасы	Курс қазіргі заманғы қылмыстық құқықтың тұжырымдамалық ережелерін олардың өзгеретін әлеуметтік жағдайларға сәйкестігі, рұқсат етілген және тыйым салынған мінез-құлық нысандары арасындағы нақты шекараларды белгілеу, қылмыстың жекелеген, оның ішінде трансұлттық сипаттағы көріністеріне қарсы іс-қимылдың тиімділігі тұрғысынан теориялық тұрғыдан түйсінуге бағытталған. Курс классикалық және кеңестік қылмыстық құқықтың оң тәжірибесін, дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесін талдауға негізделген. Құқық қолдану практикасын зерделеу білім алушыларға қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың тиімділігінің жеткіліксіздігін еңсеру әдістерімен қарулануға мүмкіндік береді.	5	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

9	Сот төрелегін қамтамасыз етудің қылмыстық-процестік тетіктері	Бұл курс сотқа дейінгі және сот ісін жүргізу барысында қылмыстық процестің қағидаттарын іске асырудың іс жүргізу тәртібі көзделген құқықтық нормаларды бекітудің қылмыстық-процестік құралдарымен сот төрелігінің қамтамасыз ету функциясын ашуға бағытталған. Қылмыстық істерді шешу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу барысына сот бақылауын күшейту және сот ісін жүргізу барысында сот төрелігін жүзеге асыру жолымен қылмыстық процестің міндеттерін шешуге бағытталған іс жүргізу кепілдіктері қаралады. Дәлелдеу қылмыстық істі шешу құралы ретінде қарастырылады. Ерекше іс жүргізудің ерекшелігі оның қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға бағытталған өзіне тән қасиеттерін, белгілерін ашып көрсете отырып айқындалады. Сот практикасын жалпылау негізінде сот төрелігін қамтамасыз етудің қылмыстық-процестік құралдарын жетілдіру жолдары айқындалады.	4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
10	Құқық қолдану практикасында ағы әкімшілік-рәсімдік және әкімшілік-процестік заңнама	Бұл курс атқарушы билік органдарының және мемлекеттік басқару функциялары берілген өзге де әкімшілік органдардың басқару қызметін жүзеге асырудың практикалық мәселелерін жүйелейді. Курс шеңберінде тыңдау рәсімі, дауларды қараудың сотқа дейінгі тәртібі, әкімшілік әділеттің жаңа қағидаттары және т.б. сияқты тиімді институттарды реттеу мәселелері қаралады, олар азаматтарға мемлекеттік аппарат мүмкіндіктерімен тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ әкімшілік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Курстың зерттеу пәніне әкімшілік істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі мен ерекшеліктерін реттейтін әкімшілік-процестік заңнама нормалары да кіреді.	3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

11	Әкімшілік-деліктік заңнаманы қолданудың практикасы мен үрдістері	Курс Қазақстанда әкімшілік-деліктік заңнаманы қолданудың негізгі аспектілері мен өзекті мәселелерін қамтиды. Ол әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастырудың практикалық аспектілерін зерттеуді, әкімшілік-деліктік құқық пен процестің қазіргі тенденцияларын талдауды және әкімшілік-деліктік заңнамадағы инновациялар мен өзгерістерді зерттеуді қамтиды. Құқық қолдану практикасына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушылардың құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасында алған білімдерін пайдалану, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша процестік құжаттарды жасау қабілетіне ерекше назар аударылады.	3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
2) Кәсіптік практикасы																		
12	Кәсіптік практикасы	Докторанттың өндірістік практикасы оқыту процесінде алған теориялық білімдерін бекіту және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізіледі.	10	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
2. Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (ДЭЗЖ)																		
13	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы	Докторанттардың эксперименттік-зерттеу жұмысы ғылыми жетекшінің (консультанттың) басшылығымен сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің өзекті мәселесін дербес зерттеуге бағытталған.	115	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
3. Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)																		
4. Қорытынды аттестаттау (ҚА)																		

14	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – таңдалған тақырып шеңберінде сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің өзекті мәселелерін ашу, зерттеу тақырыбы бойынша құқық қолдану проблемаларын анықтайтын және оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсынатын іргелі қорытындыларды қамтитын диссертация дайындау.	12	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
----	--	--	----	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

20. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Зерттеу материалдарын, ғылыми мақалаларды талдайды және талдамалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, мақалаларды, сот актілерінің жобаларын жасайды, сот-құқықтық мәселелер бойынша шолулар жүргізеді.	интерактивті дәріс	презентация
ОН 2	Құқықтық болмысты тануда ғылыми зерттеудің жеке және арнайы әдістерін, эксперименттік деректерді өңдеу және т.б. әдістерін қолдана отырып, өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізеді.	рефлексия гипотезалар пікірталас	рефераттық шолу
ОН 3	Сот билігінің мәнін, әлеуметтік рөлін, функциялары мен өкілеттіктерін, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орнын, сондай-ақ тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін қолданудың практикалық мәселелерін білетінін көрсетеді.	пікірталас	эссе жазу
ОН 4	Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негіздері саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық білімдерін көрсетеді.	интерактивті дәріс пікірталас	тест
ОН 5	Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметінде шет елдердің құқықтық саласын дамытудың ғылыми теориялары мен жаңа тұжырымдамаларын бағалайды, салыстырады және қолданады.	дөңгелек үстел	презентация
ОН 6	Сыни талдау, бағалау және ғылыми теорияларды сот практикасымен салыстыру негізінде құқық қолдану мәселелерін шешудің ең тиімді және оңтайлы тәсілдерін жүйелейді және таңдайды.	мәтінді талдау және құрылымдау	аннотация және реферат

ОН 7	Баламалы мүмкіндіктер мен тәуекелдерді ескере отырып, салалық заңнама нормаларының практикалық қолданылуын талдау негізінде құқықтық болжауды жүзеге асырады және құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін әзірлейді.	кейс стади	зерттеу кейсін құру және шешу
ОН 8	Білікті сараптамалық-құқықтық қорытындыларды бағалайды және жасайды, құқықтың тиісті салаларында заңдар мен заңға тәуелді актілердің, халықаралық келісімдердің жобаларына сараптама жүргізеді.	мәтінді талдау және құрылымдау	сараптамалық-құқықтық қорытынды жобасы
ОН 9	Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мақсатында құқық салалары бойынша құқық қолдану практикасы мен заң ғылымы жетістіктерінің маңыздылығын сыни тұрғыдан талдайды.	пікірталас	эссе жазу
ОН 10	Салалық заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар жасау мақсатында отандық және шетелдік нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізеді.	мәтінді талдау және құрылымдау	компаративистика туралы реферат
ОН 11	Құқық пен заң ұқсастығының көмегімен оларды еңсеру тәсілдерін пайдалану негізінде қайшылықтары мен ақаулықтары бар салалық заңнама нормаларын қолданады.	дөңгелек үстел кейс стади	презентация кейс шешу
ОН 12	Кәсіби және ғылыми қызметпен байланысты міндеттерді шешуде алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын іске асырады.	нормативтік құқықтық актілерді және құқық қолдану практикасын талдау	кейс шешу
ОН 13	Ғылыми ұстанымдарды сыни тұрғыдан түйсінеді, заңнаманы қолдану теориясы мен практикасы мәселелері бойынша өз ұстанымын ұсынады және дәлелді түрде қорғайды.	пікірталас	эссе жазу, ғылыми мақала жазу

21. Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	Құжаттармен, зерттеу материалдарымен, ғылыми мақалалармен жұмыс істей алады Талдамалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, құқықтық мәселелер бойынша мақалаларды, сот актілерінің жобаларын жазу дағдыларын меңгереді.
ОН 2	Құқықтық болмысты танудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып (ғылыми зерттеудің жеке және арнайы әдістері, эксперименттік деректерді өңдеу әдістері және т.б.), өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын меңгереді.

ОН 3	Сот билігінің мәнін, әлеуметтік рөлін, функциялары мен өкілеттіктерін, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орнын, сондай-ақ тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін қолданудың практикалық мәселелерін біледі .
ОН 4	Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негіздерін біледі .
ОН 5	Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметінде шет елдердің құқықтық саласын дамытудың ғылыми теориялары мен жаңа тұжырымдамаларын қолдана алады .
ОН 6	Тиісті құқықтық салада заңдар мен заңға тәуелді актілердің, халықаралық келісімдердің жобалары бойынша білікті сараптамалық-құқықтық қорытындылар жасау дағдыларын менгереді .
ОН 7	Салалық заңнама нормаларын қолдану практикасын талдай отырып, сондай-ақ ықтимал баламалар мен тәуекелдерді ескере отырып, құқықтық болжауды жүргізе алады және құқықтық реттеудің нәтижелі тетіктерін жасай алады .
ОН 8	Тиісті құқықтық салада заңдар мен заңға тәуелді актілердің, халықаралық келісімдердің жобалары бойынша білікті сараптамалық-құқықтық қорытындылар жасау дағдыларын менгереді .
ОН 9	Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу мақсатында құқық салалары бойынша құқық қолдану практикасы мен заң ғылымы жетістіктерінің маңыздылығын талдай алады .
ОН 10	Салалық заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында отандық және шетелдік нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізе алады .
ОН 11	Салалық заңнаманың соқтығысуы мен олқылықтары бар нормаларын қолдану дағдыларын, оның ішінде құқық пен заң ұқсастығы арқылы оларды еңсеру тәсілдерін пайдалану негізінде менгереді .
ОН 12	Кәсіби және ғылыми қызметпен байланысты міндеттерді шешуде алған білімдері мен дағдыларын қолдана алады .
ОН 13	Қолда бар ғылыми ұстанымдарды сыни тұрғыдан түйсіне, заңнаманы қолдану теориясы мен практикасы мәселелері бойынша өз ұстанымын тұжырымдай және дәлелді түрде қорғай алады .

22. Түлек моделі

Докторантура түлегінің атрибуттары:

- Тереңдетілген кәсіби білім мен дағдылар;
- Құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысуға дайындық;
- Кәсіби қоғамдастықта ынтымақтастық таныту қабілеті;
- Кәсіби және жеке өсу жолдарын іздеудегі дербестік;
- Коммуникативтік қабілеттер;
- Жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттер;
- Әділдік, объективтілік және бейтараптық.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	- қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін қолдану негізінде өз бетімен зерттеу жұмыс жүргізу қабілеттің көрсетеді; - академиялық жазу техникасын және презентацияның ғылыми стилін қолдануға шығармашылық көзқарасы бар; - әр түрлі тәсілдермен, әр түрлі тілдерде жоғары кәсіби ортада тәуелсіз ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсынады; - судьяның кәсіби және жеке өсуіне ықпал ететін құндылықтарды, сенімдер мен дүниетанымды қалыптастырады және өзектендіреді; - ғылыми негізделген зерттеу әдістерін қолдана отырып танымдық қызметті жүзеге асырады; - заманауи цифрлық дағдыларды (цифрлық сауаттылық, цифрлық гигиена және қауіпсіздік) меңгерген, оларды цифрлық технологияларды дамытудың жаңа трендтерін ескере отырып дамытады; - сот билігінің мәнін, әлеуметтік рөлін, функциялары мен өкілеттіктерін, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орнын білетінін көрсетеді; - Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық білімдерді талдайды және жетілдіреді.
2. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	- ғылыми теориялар мен үздік шетелдік тәжірибелерді қолдана отырып, заң шығару және құқық қолдану қызметін жүзеге асыруға қабілетті; - ғылыми теорияларды сыни талдау, бағалау және сот практикасымен салыстыру негізінде практикалық мәселелерді шешудің тиімді тәсілдерін таба алады; - ықтимал сын-қатерлер мен тәуекелдерді ескере отырып, сот төрелігін жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін әзірлеу және құқықтық болжау дағдыларын меңгерген; - қалыптасқан құқықтық қатынастардың ерекшелігін ескере отырып, Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық келісімдердің жобалары бойынша сараптамалық пікірді білікті түрде білдіре алады; - кәсіби қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында заң ғылымы мен құқық қолдану практикасының жетістіктерін бағалай және жіктей алады; - салалық заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіруде үздік үлгілерді пайдалану мақсатында отандық және шетелдік нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасына компаративистік талдау жүргізе алады; - салалық заңнама нормаларын қолдану процесінде қайшылықтар мен олқылықтарды анықтау және еңсеру дағдыларын меңгерген.

Әзірлеушілер:

Жұмыс тобының мүшелері:

Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры

Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры

Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры

Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директорының м.а.

Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының профессоры

Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының доценті


90 






М.Н. Абилова
Т.С. Нурышева
Е.О. Егембердиев
Б.Р. Сембекова
А.А. Биебаева
Р.С. Джусупова

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және бекітуге ұсынылды, 2025 жылғы «19» наурыздағы № 8 хаттама.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы Ғылыми кеңесінің кезектен тыс отырысында қаралды және бекітілді, 2025 жылғы «3» сәуірдегі № 9 хаттама.

Ректор м.а.



К.К. Мусин